

АҚМЕШІТТІҢ АСПАНЫНАН ТӨГІЛГЕН ЖЫР



Қазақ халқының рухани тұғырына айналған айтыс – ұлттың өткені мен бүгін, болашағын байланыстыратын киелі өнер. Жырмен сөйлеп, сөзбен елдің шежіресін шерткен бұл өнер – тек сайыс қана емес, елдің айнасы. Осы киелі өнердің көркем көрінісі Сыр елінде ерекше салтанатпен өтті. «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты республикалық ақындар айтысы ел тарихының үш кезеңіне куә болған Ақмешіттің айынын асырып, мерейін тасытты.

2-БЕТТЕ

Мейірбек СҰЛТАНХАН,
айтыскер-ақын,
«Алтын домбыра» иегері:

Сырбойылықтардың айтысқа деген құрметі бізге дем береді



Биыл Қызылорда қаласының Қазақ автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының алғашқы астанасы болғанына 100 жыл толуына орай Сыр елінде республикалық ақындар айтысы өтті. 1000 орындық «Өнер орталығы» сөз додасын асыға күткен көрерменге лық толы болды. Адам көптігі соншалық, залда иіс шаншар жер жоқ. Орын таппаған айтыс сүйер қауым орындықсыз-ақ көруге бекінген сыңайлы. Додаға қатысқан айтыскерлер де Сыр елінің айтысқа деген махаббатын ерекше атап өтті. Әдебиет сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай, Мәдениет саласының үздігі, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Құдайберлі Мырзабек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, жырау Алмас Алматов, сондай-ақ айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мәліс Қосымбаев қазылық етті. Айтысты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аманжол Әлтай тізгінді. Шыны керек, бұл айтысты көрген де, көрмеген де арманда десек, артық айтқандық емес. Орайы келгенде, «Алтын домбыра» иегері, айтыскер ақын Мейірбек Сұлтанханмен сахна сыртында сұхбаттастық.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүзінде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

27 мамыр
сейсенбі

№39 (2152)

2025 жыл

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – АУЫЛДЫ КӨТЕРУГЕ СЕП

Өңір халқының
53 пайызы
ауылдық жерде
тұрады.
Санға шаққанда
447 мың адам.
Бұл дегеніңіз
әжептәуір көлем.
Ел аузындағы
«Қазақстанды
түлету ауылды
түлетуден
басталады»
деген ұғымға
сүйенсек, тұтас ел
экономикасының
әлеуетін
арттыру үшін
ауылдықтарды
қолдау керек.
Бұл бағытта
бүгінде
«Ауыл
аманаты» жобасы
қарқын алған.
Аймаққа қарасты
елді мекендерде
халық қолын
аузына жеткізу
мақсатында осы
бастамаға иек
артуда.



«Алтын домбыра» коллажы

Жобаның елдегі аяқалысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министрдің орынбасары Канат Бозымбаевтың қатысуымен өткен жиында да кеңінен тоқталған еді. Үкімет басшысының орынбасары Жамбыл облысына жұмыс сапарымен келіп Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына және «Ауыл аманаты» жобасының іске асырылу барысына арнайы кеңес өткізген.

Президенттің бастамасымен ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы облыста оң нәтижесін беруде. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі аясында агробизнес өкілдері ауқымды жұмыс атқаруда. Бұл орайда өңіріміздегі «Абай-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңашыл бастамасын, нәтижелі жұмысын ерекше атап өту қажет. Қазіргі таңда серіктестіктің оң тәжірибесін кеңінен

таратуда, облыстың барлық ауылында жаңа өндіріс және сауда нысандарын ашуда белсенді жұмыс бар. Жоба шеңберінде 1000 шаршы метрден асатын ғимаратта жалпы құны 318,2 млн теңгені құрайтын 13 жоба іске қосылып, 25 жұмыс орны ашылды. Осы тәжірибені кеңінен таратып, облыс бойынша 14 шағын орталық құру жоспарланған, яғни, 434,9 млн теңгеге 70 жобаны іске асыру көзделуде, – деді аймақ басшысы.

2-БЕТТЕ

«КЕЛЕШЕКТІҢ МЕКТЕБІ» ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?



Елімізде жас ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай жасалуда. Уақыт талабына сай жаңа технологиямен қамтылған жаңа білім ордалары «Жайлы мектеп» жобасы аясында жүзеге асты. Екі жыл ішінде ұлттық жоба аясында 460 мың орынға арналған 217 мектеп салу жоспарланса, бүгінде республика көлемінде 105 мектептің құрылысы аяқталып, қалған 112 мектепті жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Бұл мектептердің жартысына жуығы ауылдық жерлерде салынып жатқанын ескерсек, алдағы уақытта қала мен ауылда сапалы білім алуға еш кедергі болмайтынын атап өткен жөн. Ұлт болашағының сапалы білім алуына жағдай жасаған ұлттық жоба енді «Келешек мектептері» деген атаумен жалғасын таппақ. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев оқу жылы аяқталар тұста орталық коммуникациялар орталығында берген брифингте айтты. Сонымен, «Келешек мектептері» қандай болады? – Бұл жоба – елімізде орта білім сапасын арттыруға және қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған стратегиялық бастама. Бұл – жай ғана мектеп ғимараттары емес, ұлт болашағы өсіп шығатын киелі білім ордалары. Сондықтан ұлттық жоба аясында қалыптасатын білім ұйымдарын «Келешек мектептері» деп атауды ұсынып отырмыз», – деді министр.

2-БЕТТЕ



ШЫҒЫСТЫҢ МӘДЕНИ ТОЛҚЫНЫ: Жастар жүрегін жаулаған Азия феномені

Бүгінгі қазақ жастарының құлағында – корей поп-әндері, қолында – K-drama постері, ал жүрегінде – Ninety One-ның әндері жатталған. Жаһандану дәуірі бізге «Netflix» арқылы дорама, «YouTube» арқылы K-pop, «TikTok» арқылы K-beauty әкелді. Бір қарағанда, бұл – әуен, сериал, би. Бірақ тереңірек үңілсек, бұл – жаңа өмір салты, жаңа мәдени бағыт. Азия елдерінің мәдениеті, әсіресе Корея мен Жапонияның өнері жастардың талғамын ғана емес, дүниетанымын да өзгертуде. Шетелдік мәдениет бізге жаңалық сыйласа, отандық Q-pop соған ұлттық үн қосып жатыр. K-pop пен J-pop феноменінің жастар санасына қалай әсер етуде және Q-pop жанры қалай дамыды? Талдап көрейік.

Бүгінгі таңда Корей поп-мәдениеті (K-pop) мен Жапон поп-мәдениеті (J-pop), сондай-ақ осы елдердің сериалдары мен фильмдері әлемге танымал. Танымалдықтың басты себебі – мазмұн мен өнім сапасының жоғары деңгейі. Мысалы, K-pop индустриясы көрерменге тартымды ән әуендерін, мінсіз дайындықтан өткен әншілер және әсерлі би қойылымдарын ұсынады. Бейнебаяндар мен сериалдардың өндірісі де аса көркем, кәсіби және технологиялық тұрғыда дамыған. Әлеуметтік желілер мен стриминг платформаларының дамуы да өз үлесін қосып, Азия мәдениеті өнімдерін әлемнің түкпір-түкпіріне жылдам таратуға мүмкіндік берді.

4-БЕТТЕ

АҚМЕШІТТІҢ АСПАНЫНАН ТӨГІЛГЕН ЖЫР

Сыр елінде өткен бұл айтыстың басты ерекшелігі – оның тек поэзиялық додадан ғана тұрмайтынында. Айтыс тақырыбының өзі «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» деп аталуы бекер емес. Қызылорда – ежелгі Жанкент пен Сығанақ секілді түркі өркеніетінің көне ордалары, Кеңес дәуірінде қазақ елінің алғашқы астанасы, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның рухани теміржолы.

– Быыл – қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына – 180 жыл, Қызылорданың қазақ елінің астанасы болғанына – 100 жыл, жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына – 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы кең көлемде

деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президенттің өңірде атқарылған жұмыстарға берген оң бағасы деп білеміз. Сыр топырағынан түлеген ақындарымыз айтыс өнерін дамытуға үлкен үлес қосуда. Өйткені айтыс – мәңгілік киелі мұрамыз. Бүгінгі сөз додасына келген жүйріктерге ел рухын асқақтатудағы елеулі еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын. Қазақтың қаймағы бұзылмаған, бірлік пен ұлт тұтастығының алтын дінгегіне айналған қасиетті Сыр өңіріне келген қадамдарыңыз құтты болғай, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.



аталып өтуде. Бұл мерейлі даталардың ұлт тарихында алар өзіндік орны мен маңызы зор. Сыр өңіріндегі айтулы шаралар мыңжылдық асыл мұрамыз айтыспен басталуға. Мемлекет басшысы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берген еді. Өздеріңізге белгілі Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда келесі 5-ші отырысты Сыр бойында, кезінде қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ»

Айтысты ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай жүргізді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Сауытбек Әбдірахманов қазыр алқасына төрағалық етті. Құрамында КСРО халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек ері Асанәлі Әшімов, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» орденінің иегері Жүрсін Ерман, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай, мәдениет саласының үздігі, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің

директоры Құдайберлі Мырзабек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, жырау Алмас Алматов, сондай-ақ айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мәлс Қосымбаев болды.

Айтыс сахнасында еліміздің түкпір-түкпірінен келген 12 ақын суырылып шықты. Сайысқа қатысушы айтыскер ақын, үш мәрте «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов бұл айтыстың көптен бері жоспарланғанын айтты.

– Сыр бойындағы «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты үлкен айтыс көптен бері жоспарланып келе жатыр еді. Осы жолы сәті түсіп жатыр. Енді бұл алтын домбыра үшін жылдың соңында жылды қорытындылап, ең үздік ақындар қатысатын дәстүрі бар. Сол биыл Сыр бойында өтіп жатқан сияқты. Өйткені ең үздік ақындар жиналған. Бүгінгі дүбірлі додаға қатысып жатқан ақындардың бәріне сәттілік тілеймін. Елдің іші даудан, сырты жаудан аман болсын. Айтыс өнері жасай берсін, – деп лебізін білдірді.

Айтыстың әрбір жұбы көрерменнің көңілінен шығып, халықтың жүрегінен орын алды. Айтыс сахнасында тек шеберлік пен тапқырлық емес, ұлттық сана, тарихи таным, қоғамдық пікір де көрініс тапты. Халықтың ыстық ықыласы мен қошеметі – Сыр елі үшін өнердің тек көрермендік қызығушылық емес, тұтас мәдени өмірдің өзегі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл – қазақтың кара сөзін қадірлейтін жұрттың руханиятының биіктігі. Сыр елінің өнерге деген құрметі – шынайы сүйіспеншілікпен асқасқан, жүректен шыққан ықылас. Бұл өлке үшін айтыс – жай ғана дәстүр емес, тұтас бір халықтық мереке, рухани тазару сәті. Мұның барлығы мың орындық Өнер орталығына сыймаған халықтың қарасынан айқын сезіледі.

– Кеше осы айтысты таңертең 9 жарымда басталады дегенге мен Мұхтарға қалжыңдап, біржола таң атқан кезде неге бастай салмадыңдар деп едім. Азанда 9 жарымда ақындардың өзі түгілі дауысы да оянбай жатады, халық қалай оянады екен деген күмән болған. Сөйтсем олай емес екен, сағат тоғыздың кезінде зал аузы-мұрынына толып тұр екен. Бұл Сыр елінің өнерге, өлгенге, жырма деген құрметін қошеметі екенін байқауға болады. Айтыс өте жоғары деңгейде өтті. Айтыскерлерді байқасаңыздар, алты жұптың бір жұбы да осал емес, кіл мықтылар жиналған, – дейді айтыскер Мақсат Аханов.

Айтыс – тыңдаушысыз мәнісіз. Сахнада ақын сөз саптаса, залда халық қошеметін білдіріп, жақсы көңіл-күймен отырды. Айтысты тамашалауға келген халықтың қарасы қалың. Залда ине шаншар орын калмай халықтың көп жиналуы, бұл – Сыр елінің өнерге деген шынайы құрметінің көрінісі.

– Бүгінгі айтыс өте тамаша өтіп жатыр. Айтыскер ақындардың барлығы дерлік бірінен бірі өткен жүйріктер. Осындай айтыстар өз жалғасын тауып, жиі болып тұрса екен, – дейді ардагер көрермен Толағай Уәлиев.

Аламан айтыстың қорытындысы бойынша бас жүлде Астана қаласынан келген Сара Токтамысоваға бұйырды, I орын Қызылордалық ақын Мейірбек Сұлтанханға, II орын Мұхтар Ниязовқа, ал III орын Абай облысынан келген Рүстем Қайыртай мен Қарағанды облысынан келген ақын Мақсат Ахановқа берілді.

Сондай-ақ Жансая Мусина (Батыс Қазақстан облысы) мен Бекарыс Шойбеков (Түркістан облысы) арнайы жүлденен марапатталды.

Сөз додасының көрігін қыздырған қарағандылық ақын Дидар Қамиевке, Павлодар облысынан келген Аспанбек Шұғатайға, актöбелік Злика Наурызалина мен Нұрбол Жауынбаевқа, сондай-ақ Түркістан облысынан келген Нұрмахан Жақыпбекке 500 мың теңгеден сыйақы табысталды.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Мейірбек СҰЛТАНХАН,
айтыскер-ақын, «Алтын домбыра» иегері:

Сырбойылықтардың айтысқа деген құрметі бізге дем береді



– Бүгінгі айтыс қалай өтуде?

– Керемет! Халықтың айтысқа деген керемет ықыласын көріп, ерекше сезімде тұрмын. Қанша халық сағат тоғыздан бастап келіп, залда ине шаншар орын болмауы Сыр елінің өнерге құрметін деп білеміз.

– Бұл айтыстың өзге айтыстан ерекшелігі неде?

– Жеті жыл сахнадан көрінбей кеткен Сара Токтамысова ортамызға оралып жатыр. Сырбойылықтардың айтысқа деген құрметі кез келген ақынға дем беретіні анық. Өрине, айтыста айтылатын тақырып көп. Ең бастысы, елдің бірлігі, жетістігі кешегі Алаштың арыстары тарихи тұлғаларымыздың ел тәуелсіздігі жолындағы еңбегі бүгінгі айтысқа арқау болатыны сөзсіз.

– Бүгінгі таңда айтысқа қолдау қаншалықты деп ойлайсыз?

– Жалпы, айтыстың жоғары деңгейде өтуіне себепші болған Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекұлына алғыс айтамыз. Өйткені қазіргі қоғамда шыныммен, өнерге жанашырлық танытпаса, өнерді қолдамаса, дәстүрлі өнеріміз далада қалуы мүмкін.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Айдана

Басы 1-бетте БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – АУЫЛДЫ КӨТЕРУГЕ СЕП



Ауылдықтардың аманатын арқаалаған «Ауыл аманаты» аясында 2023 жылы 406 жоба қолға алына, 2024 жылы 375 жоба қаржыландырылып, жалпы екі жыл ішінде 1110 жана жұмыс орны ашылды. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 275-ке артып, 50 өндірістік кооператив құрылды. Өңдеу өнеркәсібі бағытында 158 жана кәсіпорын іске қосылды. Ауыл шаруашылығы саласында 56 жылжыай өндірісі ашылып, 2676 бас асыл тұқымды мал сатып алынды. Төрт түліктің санын артырып, елдегі мал шаруашылығын дамыту бағытында жобаны өзгертіп, асыл тұқымды төрт түлік мал сатып алуға бағыттау арқылы да саннан санаға жұмыс істелу көрегі түсіндірілген. Бүгінде шағын несиедеудің 27 пайызы осы салаға бағытталды.

– Қызылорда қаласына қарасты елді мекендерде де бұл жоба жолға қойылған. Үш жылғы есепті қарасақ, 2023 жылы 253 млн теңге тұратын 27 жоба іске асты. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш сәл бәсеңдеп, 142,13 млн теңгеге 16 жоба қаржыландырылды. Быыл жыл басынан 190,2 млн теңгеге 27 жоба қолдау тапты. Осыдан он шақты күн бұрын, 12 мамыр күні тағы 48,63 млн теңгенің 7 жобасы мақұлданып отыр. Өрине, әрбір жобаның түпкі мақсаты – елдің әлеуетін

көтеру. Халықтың жағдайы жақсарса, мемлекеттің экономикасы да нығаяды. Бүгінде жобаның жемісін көріп жүрген тұрғындарды көріп, қуанып қаласын, – дейді Қызылорда қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов.

Жоба талай кәсіпкердің қанатын қатайтты. Мәселен, Гүлзат Абилова мемлекеттік қызметтен бір-ақ күнде жеке кәсіпкерге айналды. Ол «Еуроқоршау» жобасымен 8 млн 600 мың теңге несие алған. Бүгінде жұмысы бір ізге қойылып, жан-жақты дамуға бет алған.

– Мен өзіме таныс емес, бөтен бір салаға кетіп қалғым келді. Зерттеп, еңбектеніп, мүлдем басқа адам болып шыға келдім. Өрине, тұрақты жұмыс та жақсы, бірақ жеке кәсіп ашу одан да жақсы. Осы күні еуроқоршаудан бөлек, құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларына қажетті көптеген өнім өндіреміз. Тұрақты 8 адам жұмыс істейді. Ал жолдама арқылы 4 адамды жұмыспен қамтып отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Алдына мақсат қойып, соған жету жолында несиеден де несібе табуға болатынын дәлелдеген көп кәсіпкер бар. Иә, идеяңыз бола тұра, қаражат қолбайлау болғанда «Ауыл аманаты» тәрзіді мемлекеттік бағдарламалардың халықты демеуітіні анық.

Басы 1-бетте

Дәулет ҚЫРДАН



Бұл мектептердің артықшылығын айта кеткен жөн. Білім ордасының көлемі типтік жобаларға қарағанда, 15-20%-ға үлкен, ал техникалық жаратануы 4 есеге артық. Барлық мектеп заманауи жиһазбен және құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз етіліп, қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін бөлек блоктар қарастырылған.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты – жаңа технологиялар мен әдістерді тиімді қолдана алатын білікті мұғалімдермен қамтамасыз ету. Жаңа форматтағы мектептерде педагогтердің кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыруға басымдық берілмек.

– Осы мақсатта мұғалімдерге арналған жаңа педагогикалық тәсілдер, заманауи әдістемелер мен цифрлық құралдарды меңгеруге бағытталған бағдарлама әзірленді. Бүгінгі күні 3000-нан астам мұғалім біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Алдағы уақытта басым бағыттар бойынша барлық педагогтер оқытумен қамтылады, бұл елімізде кәсіби құзыреттіліктерді дамытудың бірыңғай стандартын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді министр Ғани Бейсембаев.

Сондай-ақ Оқу-ағарту министрі «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған білім ұясында оқыту жүйесінің басым бағыттарына кеңінен тоқталды.

– Бұл мектептердегі тәрбие процесі тек білімді ғана емес, сонымен қатар «Адал Азамат» деп атайтын жоғары моральдық қасиеттерге ие және қоғамның дамуына үлес қосуға дайын жауапты, адал, бастамашыл азаматты қалыптастыруға бағытталған. Балалар ерте жастан бастап еңбекті құрметтеу, әлеуметтік

әділдік, адалдық және жауапкершілік қағидаларын үйренеді. Осы тұлғалық жеке қасиеттерді біз Қазақстанның табысты дамуының негізі деп санаймыз. Сонымен қатар жоба аясында біз ұлттық мәдениет пен күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде экологиялық тәрбиені қалыптастырамыз. Бұл «Таза Қазақстан» республикалық акциясы идеяларының қисынды жалғасы: экологиялық мәдениет пен қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру біздің балалармен жұмысымыздың маңызды бағытына айналуға, – деді Ғани Бейсембаев.

«Келешек мектептері» жобасы аясында салынған мектептерде оқушыларға кәсіби бағдар беруді басты назарға алған. Яғни мектеп оқушылары болашақ мамандығына қарай бейімделмек.

– Бастауыш сыныптардан бастап түрлі мамандық иелерімен кездесу, жобалық апталар ұйымдастырылады. 7-сыныпта оқушылар үшін тереңдетілген бейіндік оқыту, тәлімгерлік жүйесі және жеке білім беру курстары енгізіледі. Бұл үдерісті тиімді үйлестіру және басқару мақсатында «Мансап компасы» арнайы цифрлық платформасы әзірленуде. Ол оқушыларға болашақ кәсіби бағытын және әрі қарайғы білім алу жолын саналы түрде таңдауға көмектеседі, – деді министр.

Оқушыларды еңбекке баулу және олардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында мектептерде әмбебап шеберханалар мен студиялар, сондай-ақ ерте кәсіби білім беруге арналған арнайы жабдықталған кабинеттер қарастырылған. Атап айтқанда, тігін, аспаздық, IT, ағаш шеберханасы және басқа да бағыттар бойынша оқу бөлмелері қажетті заманауи жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»

Айдана БАХТИЯР

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ҚАРА СӨЗ

Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар.

Оның қуанышы: елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәуелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер

айтып па, әйтеуір өзіңнен наданшылығы асқап, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болад-тағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса жарар, алдында неше ат бар деп сұрар, артыңда қалған ат нешеу деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?

Енді жұбанышы: жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ, болады-дағы деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасан болады де, көпке қаһарым жүрмейді деп пе? Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғалым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам аласып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жарымы арыса, жарымысының үйілісі жақсы ма? Жүт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма? Осы көп ақымның бір ақымға несі жұбаныш? Тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Көңілін сол сөзі разы қылуға жетіп пе? Ендеше, көбінен қалма, сен де аузыңды сасыта бер деп пе?!

Азия мәдениетінің қос қыры: Шабьт пен сын

Азия елдері мәдениетінің, әсіресе К-рор пен драмалар әлемінің қазақ жастарына оң ықпалы да бар. Ең алдымен, корей сериалдары мен музыкасын сүйіп тыңдайтын көрермен талғампаз бола бастады. Шетелдің сапалы өнімдерін көрген соң, жастар отандық музыка мен киноға да жоғары талап қоятын болды. Соның нәтижесінде қазақстандық режиссерлер сапалы фильм түсіруге, тың дүниелер жасауға ұмтылуда. Мысалы, корей өнерінен шабыт алған отандық шоу-бизнес өкілдері қазақ тілінде жана деңгейдегі жобалар – Q-рор топтарын қалыптастырды. Кореяның заманауи мәдениеті жастардың эстетикалық талғамын көтеріп, шоу-бизнеске шығармашылық бәсеке алып келді. Азия мәдениеті жастардың өрісін кеңейтіп, білімге құштарлығын оятты.

Қала тұрғыны Әсел Жамбылқызының айтуынша, дәл осы кек-поп мәдениеті мен корей драмалары оған үлкен мотивация беріп, өміріне оң әсер еткен.

– Корей драмаларын көру менің өміріме көп нәрсе берді. Бала кезімде, бірінші сыныпта, оларды теледидардан көретінмін. Кейінірек есейе келе интернеттен өзім іздеп көре бастадым. 11-сыныпта драмалар мен үшін үлкен мотивация көзін айналы. Кейде сабаққа дайындалуға ерінетінмін, ештеңе істегім келмейтін. Бірақ драма көрген кезде кейіпкерлердің қалай табыса жетіп жатқанын көріп, олардан үлгі алатынмын. Олар күндіз-түні білім алып, армандарына қол жеткізетін. Бұл маған үлкен серпіліс беріп, ҰБТ-ға дайындалуыма көмектесті. Сонымен қатар драмалар маған достық туралы көп нәрсе үйретті. Мен бұрын тұйықтау болдым, көп адаммен араласпайтынмын. Бірақ драмалар арқылы шынайы достық, адалдық секілді құндылықтарды көріп, өзім де көп дос таптым. Драмалардың жанрына қарай әсері де әртүрлі болады. Бірақ негізгі ойы – ешқашан берілмеу, үміт үзеу, достық пен махаббатқа сену. Бұл эмоциялар шынайы, жылы, ішкі дүниеге әсер етеді. Америкалық жастар фильмдерімен салыстырғанда, корей драмалары жастарға адами қасиеттерді дамытуға көбірек көмектеседі. Олар адамға «сен де қол жеткізе аласың» деген сенім береді, жігерлендіреді, – дейді Әсел.

Корей драмалары мен поп-музыкасы арқылы көптеген жас корей халқының тілі мен тұрмысын танып, корей тілін үйренуге ден қойды. Шетелдік мәдениетпен танысу өзге елге деген қызығушылықты арттырып, білім алу немесе тәжірибе жинау мақсатында шетелде білім алуға жастар саны көбейді. Сондай-ақ корей сериалдарындағы өзін күтінуге мәдениеті, салауатты өмір салты үлгі болып, жергілікті жастар арасында K-beauty тренді тарайды. Бет күтіміне арналған корей косметикасы Қазақстанда да сұранысқа ие болып, қыз-жігіттер тері тазалығы мен сәулілікке мән бере бастады. Бұдан бөлек, Жапонияның аниме-фильмдері мен поп-музыкасы шығармашылыққа қызыққан жастарды шабыттандырып, сурет салу, музыкаға баулуға. Яғни Азияның заманауи мәдени толқыны қазақ жастарының ой-өрісін жана қырынан дамытуға, тіл үйренуіне, өз-өзін жетілдіруіне оң әсер етуде.

Басы 1-бетте

ШЫҒЫСТЫҢ МӘДЕНИ ТОЛҚЫНЫ: Жастар жүрегін жаулаған Азия феномені



Дегенмен мұның жастар санасына теріс ықпал ету ықтималдығы да жоқ емес. Кейбір сарапшылар шектен тыс К-рор пен басқа да шетел әндеріне еліктеу ұлттық мәдениеттің ұмыт қалуына әкелуі мүмкін деп қауіптенеді. Корей және жапон музыкасын көп тыңдап, сол елдердің өнеріне табынған жастар кейде өз халқының дәстүрлі өнері мен ана тіліндегі музыкасына мән бермеуі мүмкін.

Психолог мамандардың айтуынша, шетелдік мәдениетке қызығу, ынтасын тек соған ғана арнап, басқа құндылықтарды ұмытса – онда бұл қауіпті белгі. Яғни, К-рор болсын, J-рор не аниме болсын, қызығушылығының белгілі бір мөлшерден асып кетсе, жас-өспірімнің дүниетанымын тарылтып, өзге қызығушылықтарға шек қоюға ғажап емес. Сондай-ақ шетелдің жұлдыздарын тым идеал тұтқан кей жас оларға еліктеп, өз болмысын жоғалтуы мүмкін деген қауіп қоғамда айтылып қалады. Бұл ретте ең басты сүзгі – отбасы тәрбиесі мен ұлттық сана. Ата-ана баласының қандай өнермен ақпарат тұтығанын қадағалап, өз мәдениетінің құндылықтарын сіңіріп отырса, сыртқы ықпал кез келген жағдайда да белгілі бір мөлшерде ғана болады.

К-рор феномені мен фанаттық мәдениет

XXI ғасырдың басында қалыптасқан К-рор феномені бүгінде музыка индустриясының ғана емес, жалпы мәдениеттің ықпалды бөлігіне айналды. К-рордың ерекшелігі – оның айналасында бұрын-соңды болмаған фанаттық мәдениеттің тууы. Корей толқыны немесе Халло миллиондаған тыңдарманның жүрегін жаулап қана қоймай, оларды белсенді жанкүйерлер қауымдастығына айналдырды. Фанаттық мәдениет (fandom culture) дегенде ең алдымен ойға келетін мысал – BTS тобының жанкүйерлері, бүкіл әлемге таралған «Атму». Осындай фан-клубтар К-рор үшін айрықша қозғаушы күшке айналды. Жанкүйерлер сүйікті әртістерін қолдау үшін альбомдарын жаппай сатып алып, концерттерге билет алу үшін ұзын-сонар кезекте тұрады, интернетте үздіксіз насихат жүргізіп, әр жана шыққан бейнеклипті миллиондап көріп, тренд қалыптастырады. Нәтижесінде К-рор өкілдері бүкіл әлем ареналарында аншлаптен концерт беріп, рекордтық қаралым мен сату көрсеткіштеріне қол жеткізіп жүр.

Қазақстанда да соңғы жылдары К-рор фанаттық мәдениеті қанат жайды. Әлеуметтік желілерде қазақстандық жанкүйерлер қауымдастықтары құрылып, корей музыкасына қатысты шаралар ұйымдастырылуда. Кореяның танымал топтары елге гастрольдік сапармен келсе, олардың концерттеріне билет әп-сәтте сатылып кететіні жиі байқалады. Мәселен, 2025 жылдың сәуір айында әлемге танымал EXO тобының мүшесі Чен алғаш рет Қазақстанға келіп, Алматы қаласында жеке концерт берді. 6 сәуір күні Almaty Arena сахнасында өткен K-POP Symphony Concert елімізде алғаш рет ұйымдастырылған симфониялық және К-рор музыкаларын біріктірген ерекше шоу болды. Корей толқынының ықпалымен Қазақстанда пайда болған жаңа құбылыс – Q-рор (Qazaq рок) жанры. Бұл қазақ тіліндегі заманауи музыкалық бағыт, оны шартты түрде «қазақша К-рор» деп атауға болады. Q-рор жанрының тууы 2015 жылы құрылған Ninety One тобының есімімен тікелей байланысты. Оңтүстік Корея музыкасына еліктеген бұл жігіттер тобы өзін «қазақ рока» бағытының өкіліміз деп жариялап, эстрадамызға жаңа леп әкелді. Ninety One тобы тыңдарманға жаңа әндер, ерекше бейнелер ұсынды. Қазақ жастары бұл жаңалықты қызығушылықпен қабылдап, алғашқы Q-рор әндері хитке айналды. Ninety One тобының дебюттік әндері YouTube-та миллионнан аса қаралым жинап, топ бірден танымалдыққа ие болды.

Дегенмен Q-рор пайда болған сәтте қоғамда оны түсінбеушілік те бой көрсетті. Жоғарыда айтылғандай, топтың стилі консервативті ортаға тосын еді. Уақыт өте келе қоғамның бір бөлігі жана жанрды түсініп, қабылдай бастап, бүгінде топтың әндері мен топ әншілерінің туындылары жоғары бағалануда.

Бұл топтың барлығы қазақ тілінде заманауи әндерді шырақ, эстрадамызды түрлендіруге атсалысып жүр. Q-рор жанры жастарға жақын болғандықтан, қазақ тілінің қолданыс аясын заманауи музыка арқылы кеңейтуге мүмкіндік берді. Кезінде Ninety One шыққанда көп жастар қазақша ән тыңдай бастағаны, тіпті қазақ тілін жанадан үйрене бастағаны туралы пікірлер айтылды. Расында, Q-рор қазақ жастарына өз тілінде әлемдік үлгідегі музыка тыңдау бақытын

София ХАЙРУЛЛА

Меншік несі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» бағыт ұйып ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырма №869

Нөмірдің кезекші редакторы Айттолқын АЙТЖАНОВА